

6. Осуществление процесса распределения в три этапа: пропорциональное сокращение бюджетной обеспеченности; подтягивание «необеспеченных» областей до максимально возможного уровня; распределение фонда стимулирования позволяет достичь оптимальных результатов и избежать необоснованных (завышенных или заниженных) дотаций из республиканского бюджета. Вместе тем образование и распределение фонда стимулирования пропорционально уровню фактически собранных доходов в базом году позволит заинтересовать местные органы власти в наращивании собственной налоговой базы, повышении собираемости налогов, экономическом развитии территории.

Таким образом, очевидны преимущества предлагаемой методики, которая позволит создать долгосрочные стимулы для местных органов власти проводить структурные реформы, поддерживать конкурентную среду, развивать благоприятный инвестиционный и предпринимательский климат, содействовать росту доходов населения и экономическому развитию территорий, обеспечить большую гласность в вопросах бюджетных расходов и доходов, а также более эффективное планирование расходов, отвечающее первоочередным потребностям населения области.

*Д.А. Тлеужанова,*

*доцент м.а., э.г.к. С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Астана қ.*

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ ДАҒДАРЫСТЫҢ ӘСЕРІ**

Қаржы-экономикалық дағдарыс әлемнің барлық елдерінің экономикасына әсерін тигізді. Ол жалпы әлемдік ауқымдағы және сол сияқты ұлттық деңгейдегі қаржылық қатынастардың қолданыстағы модельдерінің, мемлекеттік реттеу құрылымындағы және қаржы институттарының қызметіндегі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Қаржы институттарының проблемалары тәуекелдерді басқару жүйелерінің жетілмеуімен, корпоративтік басқару деңгейінің төмен болуымен, айқындылықтың жеткіліксіздігімен байланысты болды.

Қазақстанның қазіргі зейнетақы жүйесі – әлеуметтік қамтамасыз етудің маңызды компоненттерінің бірі және республиканың экономикасын инвестициялаудың маңызды құралы болып табылады. Зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесінің реформалары нарықтық экономика талаптарымен шартталған болатын. Оның бағыты халықты зейнетақылық қамтамасыз ету шығындарындағы мемлекет үлесін барынша төмендетуге негізделген. Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалау ТМД елдерінің ішінде ең бірінші жүргізілгендіктен, бірыңғай зейнетақы жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысуда жүргізілген іс-шаралар көптеген елдер үшін үлгі бола алады. Дегенмен, енгізілген өзгерістерді іс жүзінде пайдаланушылар әлі зейнеткерлік жасына толмағандықтан, бұл жүйенің қаншалықты оң нәтиже беретіндігін бағалау әлі мүмкін болмай отыр. Бүгінгі таңда зейнеткерлік жасына жеткендер 1998 жылға дейін жұмыс стажы бар азаматтар болып табылатындықтан, олар бірыңғай және жинақтаушы зейнетқы жүйелері бойынша зейнеткерлер ретінде қарастырылады.

Әлемдік дағдарыс салдары ел экономикасына әсерін тигізе бастағанға дейін, зейнетақы жүйесі республиканың әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі серпінді дамушы сектордың бірі болды. Осыған қарамастан, он жылдан артық қызмет етіп жатқан жинақтаушы зейнетақы жүйесінің өзіндік проблемалары болды. Олар: Ұлттық қор нарғының дамымауы, зейнетақы активтерін экономиканың нақты секторына салуға кері әсерін тигізуі; тұрғылықты мекенжайын жалған ауыстыру нәтижесіндегі «оjoғалған клиенттер» проблемасының болуы, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі принциптері бойынша халықтың сауатсыздығы, яғни міндетті зейнетақы жарналары бойынша «бір салымшы – бір қор» принципі сақталмауы. Сонымен қатар Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын одан әрі дамыту, салымшылар мен алушылардың құқықтарын қорғау, ұзақ мерзімді ішкі инвестициялар көздері ретіндегі зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру негізгі проблемалар болып табылады. Аталған проблемаларды шешу жолдарының дағдарыс кезеңінде жүргізілу ретін, қабылданған шаралар кешенін қарасыру аса өзекті болып отыр.

Дағдарыс кезеңіндегі ҚР-ның зейнетақы нарығындағы өзгерістерге сипаттама беру үшін сәйкес талдау мәліметтерін қарастырайық. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдайды 2008 және 2009 жылдардың сәйкес кезеңімен салыстыратын болсақ, мынадай өзгеріс динамикасын байқауға болады:



#### Сурет 1 – Зейнетақы нарығының институционалдық қатысушылары

Ескерту – Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік (ҚҚА) мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қорлары қызмет етсе, 2010 жылдың 19 мамырынан бастап «Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның зейнетақы жарналарын тарату мен зейнетақы төлемдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы қайтарып алынды. Соның себебінен «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ –на қосылды. Әрине, бұл зейнетақы нарығына ешқандай әсерін тигізбейді, өйткені «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-ның салымшылары өз қалаулары бойынша «Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ-ның салымшысы болуға немесе кез-келген өзге жинақтаушы зейнетақы қорын таңдауға құқығы бар.


Сонымен қатар, осы кезең ағымында 6 екінші деңгейлі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ [1].

«Зейнетақылық қамтамасыз ету туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары жинақтаушы зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асырады. Олар: міндетті жарналар, ерікті жарналар, ерікті кәсіби жарналар.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшыларының жеке зейнетақы шоттарының саны жылдан жылға төмендегеніне қарамастан, жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы жылдан жылға жоғарылағаны 2-суретте келтірілген.

Міндетті зейнетақы жарналары – бұл жинақтаушы зейнетақы қорларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртіппен салынатын ақша. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 9 446 322, ал ондағы жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы 1 378,2 млрд. теңге болса, 2009 жылдың 1 қыркүйегінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны шамалы төмендеп, 7 625 669 құрады, ал ондағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 24,5%-ға өсіп 1 716,4 млрд. теңге болды. Осы көрсеткіштерді 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдаймен салыстыратын болсақ, міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 244 656-ға көбейіп, 7 870 325 құрады, ал жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 21%-ға өсіп, 2 083,8 млрд. теңге болды.



Сурет 2 – Жеке зейнетақы шоттарының және жинақталған зейнетақы активтерінің динамикасы

Ескерту – ҚҚА мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.

Сурет мәліметтеріне сәйкес зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының санының төмендеуі бір салымшыға ашылған екі немесе үш шоттың қысқартылуымен түсіндіріледі. Әрине, бұл оң тенденция. Салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 4 қорда шоғырланды: «МЖЗҚ» – 25,64%, «Қазақстан Халық Банкі» – 21,82%, «ҰларҮміт» – 14,65% және «БТА Қазақстан» – 10,00% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 72,11% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленетін тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен алушының пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 41 474 болған, ал ондағы жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасы 932,2 млн. теңге болса, 2009 жылдың сәйкес кезеңінде ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 40 241 болып, ал жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 млн.теңгеге жоғарылап 933,7 млн. теңгені құрады. Осы мәліметтерді 2010 жылғы 1-қыркүйектегі жағдаймен салыстыратын болсақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 160-қа азайып, 40 081 құрады. Дегенмен жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 160,3 млн теңгеге жоғарылап, 1,1 млрд. теңге болды.

Ерекше жұмыс жағдайындағы жұмысшылардың зейнетақылық қамтамасыз етілуін жетілдіру мақсатында, 2002 жылы зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізілген болатын. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін кәсіптер тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарында және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен салымшылардың өз бастамасымен қызметкерлердің пайдасына жинақтаушы зейнетақы қорларына салатын ақшасы. Осыған сәйкес, жұмыс беруші өзінің жеке қаражаты есебінен қызметкердің пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын салуды жүзеге асырады. Ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының ставкасы ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді, бірақ ол қызметкердің ай сайынғы табысының он процентінен жоғары болмауға тиіс, ал зейнетақы төлемдерін алу құқығы 50 жасқа жеткен тұлғаларда пайда болады. Көпшілік жағдайда, бұл жұмыс берушілердің қаржылық ауыртпалығын жоғарылатады деген пікірлер қалыптасады, бірақ іс жүзінде мұндай кәсіпорындар салық жеңілдігін алады. Яғни салық заңнамасына сәйкес өз жұмысшыларына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударған жұмыс берушілердің ерікті

кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы салық салынатын табысты анықтау барысында шегерістерге жатқызылады. Сәйкесінше, халықтың бұл жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамтылуын кеңейтуге және зейнетақымен қамсыздандырудың ерікті түрлерін көтермелеуге әкеледі.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары 2008 жылғы 1-қыркүйектегі жағдай бойынша 60,8 млн. теңге жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттар сомасымен 4 019 болды. 2009 жылдың сәйкес кезеңінде ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 59-ға көбейіп, 4 078 құрады, жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 16,1 млн. теңгеге жоғарылап, 76,9 млн. теңге болды. Ал осы мәліметтерді 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстыратын болсақ, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны шамалы төмендеп, 4 057 болса, жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 17,3 млн. теңгеге жоғарылап, 94,2 млн. теңге болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар екі қорда ғана болды: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі».

Зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттарының ішінде ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары өте аз және барлық ашылған шоттардың 0,051%-н құрайды. Осыған сәйкес ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының орнына міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын енгізу ұсынылады. Бұл денсаулыққа зиян келтірілітін жағдайда жұмыс жасайтын тұлғаларды әлеуметтік қолдауға бағытталған шара болып табылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының (ЖЗҚ) зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің құрылымы төмендегі 1-кестеде келтірілген

Кесте 1 – ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің құрылымы

Жинақтаушы зейнетақы қорлары/	01.09.2008		01.09.2009		01.09.2010	
	Зейнетақы активтері сомасы, млн. теңге	Үлесі, %	Зейнетақы активтері сомасы, млн. теңге	Үлесі, %	Зейнетақы активтері сомасы, млн. теңге	Үлесі, %
«Халық Банкі ЖЗҚ» АҚ	402236	29,1	514291	29,9	652588	31,3
«Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ	222042	16,1	218077	12,7	293583	14,1
«Қорғау» ЖЗҚ» АҚ	21418	1,6	21463	1,2		0,0
«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	228021	16,5	275242	16,0	341892	16,4
«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	163417	11,8	212115	12,3	176762	8,5
«Грантум ЖЗҚ» АҚ	81486	5,9	100383	5,8	136200	6,5
«Еуразиялық ЖЗҚ» АҚ («Сенім» ЖЗҚ» АҚ)	35709	2,6	56693	3,3	69683	3,1
«Капитал ЖЗҚ» АҚ	46960	3,4	75352	4,4	100202	4,8
«Отан» АЖЗҚ» АҚ	38196	2,8	52893	3,1	58889	2,8
«Нефтегаз-ДЕМ» ЖЗҚ» АҚ	44537	3,2	54799	3,2	71388	3,4
«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	33900	2,5	47423	2,8	63617	3,1
«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН АЖЗҚ» АҚ	29267	2,1	34513	2,0	46372	2,2
«Қазақмыс» ЖЗҚ» АҚ	27990	2,0	28833	1,7	23478	1,1
«Республика ЖЗҚ» АҚ	6183	0,4	29570	1,7	54454	2,6
Барлығы	1381362	100,0	1721647	100,0	2089108	100,0
Ескерту – ҚҚА мәліметтері негізінде автормен құрастырылған						100,0

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарда (ЗАИБЖАҰ) инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың тамыз айында 8,1 млрд. теңгеге немесе 0,59%-ға ұлғайып, 1 381,4 млрд. теңге болды. 2007 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2008 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 24,5 млрд. теңге болды. 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы

активтерінің орташа айлық өсуі 28,4 млрд. теңге болды. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі тамыз айында 44,3 млрд. теңгеге немесе 2,6%-ға өсіп, 1 722,1 млрд. теңге болды. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі тамыз айында 36,9 млрд. теңгеге немесе 1,8%-ға өсіп, 2 089,1 млрд. теңге болды [1].

2009 жылғы 1-қыркүйектен бастап 2010 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 30,59 млрд. теңге болды.

Қазақстандық жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық табыс көрсеткішіндегі ауытқулар айтарлықтай. ЖЗҚ қызметінің сапасы мен сенімділік дәрежесін тек инвестициялық табыстың деңгейіне қарап бағалау, әсіресе, бүгінгі дағдарыс жағдайында, орынсыз болар еді. Қаржылық есептің халықаралық өлшемдерінің және Қаржылық тетіктерді бағалау ережесінің талаптарына сәйкес, қорлар өз активтерін, бағалы қағаздарын күнбе-күн нарықтық баға бойынша қайта бағалап отыруға міндетті. Қазіргі уақытта, жоғары өтімді қаржылық тетіктер бойынша нарықтық бағаның барынша төмендегені байқалды. Керісінше, рейтингі төмен компаниялардың бағалы қағаздарының құны түсуі шамалы ғана болды. Міне, мұның бәрі зейнетақы қорының бағалы қағаздар портфелінің құнында көрініс тапқан. Осы орайда ҚР-ның қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттік (ҚҚА) зейнетақы жүйесі субъектілерін реттеу бойынша шаралар кешенін жүргізді:

- салымшылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының сақталуы деңгейін арттыру мақсатында іс-шаралардың маңызды блогы меншікті активтер мен зейнетақы шоттары есебінен жүзеге асырылатын ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ инвестициялық саясатына қатысты талап белгілеу бөлігінде көзделді. Жаһандық экономикалық-қаржылық тұрақсыздығы жағдайында барынша өтімді және төмен тәуекелді болып Қазақстан Республикасының МБҚ табылады, өйткені мемлекет осы бағалы қағаздар бойынша міндеттемелеріне жауап береді. Осыған байланысты, қор нарығында болып жатқан теріс процестердің әсерін төмендету мақсатында, уақытша іс-шара ретінде ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ зейнетақы активтеріне қатысты барынша консервативті инвестициялық саясатты жүргізулерін ынталандыру бойынша іс-шараларды қабылдады. Дегенмен, бұл уақытша шара болып табылды. Өлемдегі қаржылық дағдарыс салдарынан, өтімді қорлық құралдардың тапшылығы пайда болды. Жинақтаушы зейнетақы қорларының ақшаларына үлкен қысым түсуде. Мемлекеттік бағалы қағаздар сенімді қаржы құралы, бірақ табыстылығы төмен болатындықтан, ағымдағы жылы қорлар портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесін 25% және 20% төмендету көзделіп отыр. ЖЗҚ-дағы мемлекеттік бағалы қағаздар үлесін төмендету зейнетақы активтерінің басым үлесін неғұрлым табысты қаржы құралдарына салуға мүмкіндік береді [2];

- ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ-дың төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығының кепілін қамтамасыз ету мақсатында, ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ арасында жасалған шарт негізінде есептелетін меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне қойылатын талап күшейтілді. Бұл ретте, шартты жасасқанда ЖЗҚ үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің барынша төменгі мәні кем дегенде 60%-дан және ЗАИБЖАҰ үшін – кем дегенде 20%-дан белгіленді. ЖЗҚ мен ЗАИБЖАҰ арасында жасалған меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт болмағанда ЖЗҚ үшін меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентінің мәні меншікті капиталының жиынтық мәнінің кем дегенде 70% құрады. Осы шара нарықтағы әлсіз ЖЗҚ-ның қызметін тоқтатып, неғұрлым қаржылық жағдайы жақсы қорларына қосылуға мәжбүрледі. Бұл осы нарық қатысушыларының бәсекеқабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік берді;

- Соңғы екі жылдағы әлемдік қаржы дағдарысының әсерінен отандық ЖЗҚ қазақстандық және шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарының құны төмендеуіне байланысты, инвестициялық кіріс мөлшерін төмендеткендері тіркелді. Осыған байланысты, зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесін пруденциалдық реттеуді жетілдіру аясында тәуекелді есептеуге талаптар күшейтілді.

Болашақ зейнеткерлердің табысын тұрақтандыру жолындағы шаруаның ең бастысы – қазақстандық ЖЗҚ қаржысын дағдарыс кезіндегі еліміздің экономикасын қолдауға тарту болып табылады. Сондықтан зейнетақы активтері басым, серпінді деп танылған инвестициялық жоба-

ларды қаржыландыруға жұмсалады. Әрине, мұның бәрі қорлардың табыстылық деңгейінің тұрақтануына игі ықпал етері сөзсіз.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда жеке «мультипортфель» схемасына көшу болжануда, оған сәйкес, салымшылар «жоғары өтімді», «орта өтімді» және «консервативті» қаржы құралдарының үлесін өздері көрсетуі қажет. Ал бұл, өз алдына, салымшылардың қор нарығындағы инвестициялық сауаттылық проблемасын шешуді қажет етеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қаражаттары бұл «ұзын ақшалар» өйткені көптеген зейнеткерлер зейнетақылық төлемдерді он-жиырма жылдан және одан кейін алады. Сондықтан, оларды зейнетақы қорларының табыстылығы емес, тұрақты және кепілденген табыс ынталандырады. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметінің бағалы қағаздар операцияларымен шектелуі тәуекелді бағыт болатындығын тәжірибе көрсетті. Сондықтан, зейнетақы қорларының инвестициялаудағы маңызды бағыты құрылысқа және жалға берілетін үйлерді, инфрақұрылым объектілерін пайдалануға қатысу болуы мүмкін [3].

Дағдарыстан кейінгі кезеңнің айрықша белгілерінің бірі қаржы секторының анықталған проблемаларын жою қажеттілігі, жіберілген қателерді түзету және тұрақты әртараптандырылған өсуді қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай, Қазақстанның қазіргі заманғы, тұрақты және бәсекеге қабілетті қаржы жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Сондықтан, зейнетақы жүйесін қолдау және дамыту – Қазақстанның экономикалық саясатының басымдылықты бағыттарының бірі болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР-ның Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттіктің есебі / [www.afn.kz](http://www.afn.kz)
2. Аманбаев М. Влияние кризисных факторов на рынок пенсионных услуг // РЦБК – 2010. – №9. – С. 37-42.
3. Интыкбаева С.Ж. Инвестиционная составляющая пенсионных накопительных фондов // КазЭУ хабаршысы. – 2006. – №5. – С. 151-155.

#### **Резюме**

*Мировой финансово-экономический кризис существенно повлиял на деятельность пенсионного рынка Казахстана, несмотря на то, что пенсионная система являлась одной из динамично развивающихся в социально-экономической системе республики. В данной статье проанализировано состояние пенсионного рынка, рассмотрены проблемы современной пенсионной системы РК и мероприятия АФН по совершенствованию деятельности НПФ в посткризисный период.*

#### **Summary**

*Global financial and economic crisis will affect the activities of the pension market in Kazakhstan, despite the fact that the pension system was one of the fastest growing in the socio-economic system of the republic. This article analyzes the pension market, the problems of modern pension system in the Republic of Kazakhstan and the activities of the Agency for Regulation and Supervision of financial markets and financial organizations to improve the activity of accumulative pension funds after the crisis.*

**А.Т. Ускеленова,**

*к.э.н., КазНПУ им. Абая, Алматы*

## **ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ НАЦИОНАЛЬНЫХ ИННОВАЦИОННЫХ СИСТЕМ**

### *Введение*

В Казахстане «Стратегией индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы» предусматривается создание условий для развития инновационных и наукоемких производств в среднем и малом бизнесе за счет приобретения оборудования и технологий по лизингу и широкого распространения франчайзинговых отношений, а также кооперации малого бизнеса с крупными предприятиями. С целью активизации реального инновационного процесса правительством РК осуществляется «Программа формирования и развития национальной инновационной системы на 2005-2015 годы» [1].

Анализ мировой практики свидетельствует о том, что национальные инновационные системы, как правило, обладают рядом специфических характеристик, присущих национальным